



БІРЛІК, ТАТУЛЬҚ, ЕҢБЕК ПЕН ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Әз Наурыз – көне мейрам. Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көшпілігінің тұрмыс-салтында орын алған. Мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз – күн мен түннің теңелген күні. Қоғамдың күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-неге ауысқан түні болады. Осы күннен бастап күн үзарып, түн қысқарады. Дәстүр бойынша Наурыз мейрамын бүкіл ауыл, ел болып, әсіресе жастар жағынан түгелдей таң шапағатын қарсы алып, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Бұл мейрам – бүкіл шығыс халықтарына ортақ салт. Тегінде Наурыз үлт мейрамы болғандықтан, оның тарихи маңызының терендігі бар. Үлгілі қыстың кетіп, жаздың келетіндігіне жер беріндегі тіршілік атаулының барлығы қуанады. Жасы

үлкендер өздерінен кішілерге ақылын айтып, Ұлыстың ұлы күнінің қасиетін түсіндіреді. Адамдар арапарында болған араздықтарын ұмытып, бір-бірінен кешірім сұрайды. Бұл күні тек жақсылықтар жасалып, қонақ болып бір-бірінің үйіне барады. Дастаннан дәм ауыз тиіп, шаңыраққа сөлем беріп кетеді. Осы күнді «Ақ түйенің қарны жарылған күн» дейді халық. Бұл мейрам – адамзат пен табиғаттың үйлесімін паш ететін күн. Сондықтан, Ұлыстың ұлы күнінде Жер Анаға тағым жасау осы мерекенің басты нышаны болып табылады. Бұл күні адамдар табиғатқа жақындан түсіп, Жер Аманмен үйлесім тауып өмір кешуге қадамдар жасайды. Ұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылады. «Бұлақ көрсөн көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!» деген сөздер осыдан шықкан болу керек. Наурыз – достық, еңбек, бейбітшілік

мерекесі. Әжелеріміз бен аналарымыздың мереекеге арнап дайындастын тағамдарының өзі қандай керемет! Дастаннан басты асы – «Наурыз көже» тоқшылықтың белгісі. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалады. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Дастаннан басында жастар үлкендердің батасын алады. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барсан да жол болсын!» дәп бата беріп, ак ниеттерін білдіріп отырады.

**Отуншиева Айтолькын
Еркиновна,
Тоқтабек Айжан
Әлімбекқызы М.Әуезов
атындағы ОҚУ-нің «Стан-
дардтау және сертификат-
тау» кафедрасының
магистр, аға**